

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	1 беттің 1-беті

БЕКІТЕМІН
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы–Ректор
Г.Д. Сугирбаева
 «2» 11 2023ж.


САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ДУАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.20-2023

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілді:		
Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Академиялық істер департаментінің директоры		Бердалиев Д.Т.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімінің басшысы		Калибаева Д.Б.
Заң департаментінің директоры		Амирхан М.А.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Өзірлеген:		
«Talant» апгрейд орталығының басшысы		Коразбекова К.У.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « <u>2</u> » <u>11</u> 20 <u>23</u> ж. « <u>3</u> » <u>11</u> 20 <u>26</u> ж. дейін ұзартылды: « <u> </u> » <u> </u> 20 <u> </u> г.	Енгізілді: № <u>4/204</u> бұйрық Енгізілген күні: « <u>2</u> » <u>11</u> 20 <u>26</u> ж.	СМЖ ОҚПУ Е 7.20-2023 Басылым 1 Тіркеу № <u>22</u> Көшірме № <u> </u>
---	---	---

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 2-беті
Дуальды білім беру таралы ереже		

Мазмұны

1 Қолдану аймағы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер және анықтамалар	4
4 Белгілеулер және қысқартулар	4
5 Жауапкершіліктер мен өкілеттіліктер	5
6 Жалпы ережелер	5
7 Тәуекелдерді басқару	8
А қосымшасы «Дуальды білім беру» үдерісінің алгоритмдік сызбасы	9
Б қосымшасы Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық келісім шарт үлгісі	10
В қосымшасы Дуальды оқыту бойынша келісім шартты тіркеу журналының үлгісі	12
Г қосымшасы Оқу жұмыс бағдарламасының (дуальды оқытуға арналған силлабус) үлгісі	14
Д қосымша Дуальды оқытуды іске асыру графигінің үлгісі	19
Е қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	20

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 3-беті
	Дуальды білім беру таралы ереже	

1 Қолдану аймағы

1.1 Осы дуальды білім беру туралы ереже (бұдан әрі – ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы 38 бабы; «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы); «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген); «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген); Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы); университеттің академиялық саясаты негізінде дайындалған.

1.2 Ереже дуальды білім беру бойынша жалпы білім беру ұйымдарындағы (кәсіпорын, мекеме) практикалық дайындықты теориялық оқытумен үйлестірудігі университеттің ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік қызметін реттейді.

1.3 Оқу процесі барысында білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламасына (дуальды оқытуға арналған силлабусқа) сәйкес жалпы білім беру ұйымдарындағы кәсіби практикалық оқыту университеттегі оқытумен байланыстырылады.

1.4 Дуальды оқыту бойынша оқытылатын пәннің оқу жұмыс бағдарламасында (дуальды оқытуға арналған силлабус) пәннің мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері мен ЖОО мен жалпы білім беру ұйымында орындалатын іс-әрекеттердің мазмұны анықталады.

1.5 Ереже авторлық құқық объектісі болып табылады және оны университеттің Басқарма төрағасы-ректордың рұқсатынсыз басқа ұйымдарға беруге тиым салынады.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгерістер Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы).

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 4-беті
	Дуальды білім беру таралы ереже	

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы).

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы);

ҚР СТ ИСО 9000: 2017 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

ҚР СТ ИСО 9001: 2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Құжатталған ақпаратты басқару.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.02-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Оқу-ұйымдастыру процесін басқару процедурасы.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.03-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Оқу-әдістемелік процестерді басқару процедурасы.

2.2 Процедура келесі жазбалар бойынша іс-әрекетке ендіріледі:

- Ф.7.20-01 Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық келісім шарт
- Ф.7.20-02 Дуальды оқыту бойынша келісім шартты тіркеу журналы
- Ф.7.20-03 Оқу жұмыс бағдарламасы (дуальды оқытуға арналған силлабус)
- Ф.7.20-04 Дуальды оқытуды іске асыру графигі

3 Терминдер және анықтамалар

Ережеде ҚР СТ ИСО 9000: 2017, ҚР СТ ИСО 9001: 2016 сәйкес терминдер және анықтамалар пайдаланылған. Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қосымша қолданылады:

Дуальды оқыту: кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны;

Кәсіпорын (ұйым) – осы Ережеге сәйкес дуальды оқытуға қатысатын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

Өндірістік оқыту – білім беру ұйымдарының және (немесе) кәсіпорындардың (ұйымдардың) базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту.

4 Белгілер және қысқартулар

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

ОҚПУ – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті;

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 5-беті
	Дуальды білім беру таралы ереже	

ПР – процедура;

СБӨ – сапа бойынша басшылықтың өкілі;

МЖББС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

АКІД – академиялық істер департаменті;

«Talant» АО – «Talant» апгрейд орталығы;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

ББ – Білім беру бағдарламасы;

ОН – оқу нәтижесі.

5 Жауапкершіліктер мен өкілеттіліктер

5.1 Ережені университеттің Басқарма төрағасы - Ректор бекітеді.

5.2 Ережені ендіру және басқару жауапкершілігі СБӨ жүктеледі.

5.3 Ережені жасау, оның мазмұны мен құрылымына, СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 талаптарына сәйкес рәсімдеу, бекіту және ендіру жауапкершілігі «Talant» апгрейд орталығының («Talant» АО) басшысына жүктеледі.

5.4 Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін ұйымдастыру мен оларды жүзеге асыруға кадр даярлайтын құрылым басшылары (кафедра меңгерушілері) жауапты.

5.5 Құрылымдардағы СМЖ құжаттарын сақтауға, санкциясыз көшірілмеуіне және қызметтік ақпараттың таралуына жол бермеуге құрылым басшылары жауапты.

5.6 Осы Ереже бойынша СМЖ сәйкес бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша басқару, басшылық жасауға «Talant» апгрейд орталығының басшысы жауапты.

5.7 Ережеге өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағына» (Е қосымшасы) міндетті белгілеу арқылы Академиялық істер департаментінің директоры енгізеді.

5.8 Осы Ережеде көрсетілген талаптардың ендірілуіне «Talant» АО басшысы жауапты.

6 Процесс сипаттамасы

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Мақсаты мен міндеттері

6.1.1.1 Дуальды білім беру жүйесінің мақсаты – жоғары кәсіби білім беруде кадрлар даярлау деңгейінің жұмыс берушілердің қажеттілігіне жақындату, оқудың өндіріспен байланысын нығайту.

6.1.1.2 Дуальды білім беру жүйесінің міндеттері:

– еңбек нарығы қажеттілігіне, экономика саласы дамуының болашағы мен динамикасына сай мамандар даярлау;

– әлеуметтік серіктестікті жетілдіру;

– экономика саласы дамуының индустриалды-инновациялық сұраныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын сапалы түрде жаңарту және өзгерту;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	
	Дуальды білім беру таралы ереже	20 беттің 6-беті

– кәсіпорын/мекемелердегі оқу үрдісін ұйымдастыруда әлеуметтік серіктестердің қатысуын, кәсіби дайындықты бағалауды және сапалы бақылауды қамтамасыз ету;

– университетте дуальды оқытудың беделін көтеру;

– жоғары білім беру жүйесін сапалы өзгертуге бағытталған, әр түрлі жүйедегі (ғылым мен білімде, білім және өндіріс) өзара байланысты, өзара ойласуды және өзара ықпал етуді қамтамасыз ету;

– білім алушыларға нақты өндірістік жағдайдағы кәсіптік тәжірибені беру жөнінде жағдай туғызу;

– экономика саласындағы кәсіпорындарға университет түлектерін жұмысқа орналастыруда көмектесу болып табылады.

6.1.2 Білім берудің дуальды жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру

Дуальды білім беру жүйесі мазмұны кәсіпорнымен келісіледі.

6.1.2.1 «Дуальды білім беру» үрдісінің әрекет ету алгоритмі **А қосымшасында** көрсетілген.

6.1.2.2 Дуальды білім беру бойынша оқытылатын пәндердің мазмұны білім беру бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

6.1.2.2 Дуальды білім беру бойынша пәндер білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес әдістемелік пәндер тізімінен таңдалады, кафедра меңгерушілері анықтайды.

6.1.2.3 Дуальды оқытуды жүзеге асыруға кәсіпорында жұмыс істейтін практиктер тартылады.

6.2.2.4 Дуальды оқытылатын пәннің кем дегенде 30% дуальды оқыту базасында: дәріс сабақтары университет базасында, практикалық сабақтар кәсіпорында жүргізілу жоспарланады.

6.1.2.5 Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық келісім шарты оқу жылының басында 5 жылға жасалады (**Б қосымшасы**). Келісім шарттарды «Talent» АО дуальды оқыту бойынша келісім шартты тіркеу журналына тіркейді (**В қосымшасы**).

6.1.2.6 Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық келісім шартта ОҚПУ мен мекеме өзара келісім бойынша дуальды білім беру жүйесінің мазмұны анықталады.

6.1.2.7 Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық келісім шартына Басқарма төрағасы-Ректор, мекеме жетекшісі қол қояды.

6.1.2.8 Дуальды білім беру бойынша оқытылатын пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (дуальды оқытуға арналған силлабусын) ББ жүзеге асыратын кафедра құрастырады, дуальды оқыту базалары ретінде айқындалған кәсіпорындарымен (мекемелерімен, ұйымдарымен) келісіледі және факультет деканы бекітеді.

6.1.2.9 Дуальды білім беру бойынша оқытылатын пәннің оқу жұмыс бағдарламасында (дуальды оқытуға арналған силлабуста) дуальды оқыту

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	
	Дуальды білім беру таралы ереже	20 беттің 7-беті

бойынша барлық іс-әрекеттер нақты айқындалады және оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны көрсетіледі (**Г қосымшасы**).

6.1.2.10 Дуальды білім беру бойынша оқытылатын пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (дуальды оқытуға арналған силлабусы) негізінде дуальды оқытуды іске асыру графигі жасалады және кафедра меңгерушісі бекітеді (**Д қосымшасы**).

6.1.2.11 Дуальды оқытуды іске асыру графигіне сәйкес okmri.univer жүйесінде сабақ кестесі құрылады.

6.1.2.12 Дуальды білім беруді жүзеге асырушы оқытушы міндеттері:

- оқу семестрінің басында дуальды білім беру бойынша оқытылатын пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (дуальды оқытуға арналған силлабусын) әзірлейді, мекемемен келістіреді, бекітуге ұсынады;

- дуальды білім беру бойынша оқытылатын пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (дуальды оқытуға арналған силлабусын) жалпы білім беру ұйымы (мекеме) оқу үрдісімен сәйкес құрастырады;

- білім беру мекемесінің келісімімен дуальды оқытуды іске асыру графигін дайындайды, «Talant» АО тапсырады.

- дуальды білім алушылардың жеке тапсырмаларды орындауын қадағалауға.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 8-беті
Дуальды білім беру туралы ереже		

7 Тәуекелдерді басқару

Кесте 1

№	Тәуекел сипаттамасы	Тәуекел әсерінің сипаттамасы	Тәуекелді бағалау	Тәуекелдерді төмендету бойынша шаралар	Жауапты	Орындалу мерзім
1	Дуальды оқыту базасының сәйкес келмеуі	1. Алынған практикалық дағдылардың теориялық дайындықпен сәйкес келмеуі 2. Жеке практикалық тақырыптардың ББ мақсаттарына сәйкес келмеуі	5 - жоғары (оқиға алдағы жылы өтуі ықтимал);	1. Дуальды оқытуды ұйымдастыру кезінде базаны бақылау 2. Тиісті кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен келісім шарттар жасау 3. Кәсіпорындардар / орта білім беру жүйесінде жұмыс жасайтын мұғалімдерді тарту	Кафедра меңгерушісі	Академиялық күнтізбеге және ББ ОЖЖ сәйкес
2	Оқу жұмыс бағдарламасының сәйкес келмеуі	1. Дуальды оқытуды ұйымдастыру мен өткізу сапасының төмендігі 2. Сипатталған оқу нәтижелері дуальды оқытылатын пән мазмұнына сәйкес келмеуі 3. Жеке тапсырмалар тақырыптары ББ сәйкес келмеуі	3 – орташа (оқиға алдағы жылы болады)	1. Дуальды білім беру бойынша барлық құжаттарға тексеру жүргізу 2. Әдістемелік құжаттаманы дуальды білім беру негіздерімен үйлестіру	Кафедра меңгерушісі, факультет деканы	Академиялық күнтізбеге және ББ ОЖЖ сәйкес
3	Дуальды оқыту бойынша пән кешендерінің сәйкес келмеуі	1. Университет регламентіне дуальды оқыту нәтижесінің сәйкес келмеуі 2. Алынған практикалық дағдылардың теориялық дайындықпен сәйкес келмеуі	1 - өте төмен (оқиға 3 жылда 1 реттен жиі болмайды)	1. Пән кешендерін тексеру 2. Оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес практикалық дағдыларды игеруі мен орындалуы тексеру	Кафедра меңгерушісі, факультет деканы	ББ сәйкес
4	Дуальды білім беру базасы ретінде анықталған ұйымдармен келісім шарттардың болуы	1. Дуальды оқытуды уақтылы ұйымдастырмау 2. Дуальды білім беру мақсаты мен міндеттерін орындамау	5 - өте жоғары (оқиға алдағы жылы болуы мүмкін)	1. Дуальды білім беру базалармен келісім шарттардың болуын тексеру 2. Кафедрада құжаттардың болуын тексеру	Кафедра меңгерушісі, факультет деканы	оқу жылының соңы

А Қосымшасы

(анықтамалық)

«Дуальды білім беру» үрдісінің алгоритмдік үлгісі

Алгоритм	Үрдіс кезеңдері	Жауаптылар	Кіріс мәліметтері	Шығыс мәліметтері
Басы	1. Дуальды білім беруді жүзеге асыруға әдістемелік пәндерді іріктеу, дуальды оқыту базасын таңдау, кәсіпорында жұмыс жасайтын тұлғаларды белгілеу	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, АқІД, «Talant» АО	МЖББС, ББ, жеке жүктеме жобалары	Келісім шарттар жобасы
1	2. Дуальды білім беру базаларын жоспарлау және дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық келісім шарт түзу	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, АқІД, «Talant» АО	МЖББС, ББ, жеке жүктеме жобалары	Келісім шарттар
2	3. Дуальды оқытуға арналған оқу жұмыс бағдарламасын даярлау	Каф.менг., факультет декандары	Оқу жұмыс бағдарламасының (дуальды оқытуға арналған силлабус) жобасы	Оқу жұмыс бағдарламасының (дуальды оқытуға арналған силлабус) жобасы
3	4. Дуальды оқытуға арналған оқу жұмыс бағдарламасын дуальды білім беру базасымен келістіру	Каф.менг., факультет декандары	Оқу жұмыс бағдарламасының (дуальды оқытуға арналған силлабус) жобасы	Келістірілген оқу жұмыс бағдарламасы (дуальды оқытуға арналған силлабус)
4	5. Дуальды оқытуға арналған оқу жұмыс бағдарламасын бекіту	Каф.менг., факультет декандары	Оқу жұмыс бағдарламасының (дуальды оқытуға арналған силлабус) жобасы	Бекітілген оқу жұмыс бағдарламасы (дуальды оқытуға арналған силлабус)
5	6. Дуальды оқытуды іске асыру графикін даярлау	Каф.менг.	Бекітілген оқу жұмыс бағдарламасы (дуальды оқытуға арналған силлабус)	Дуальды оқытуды іске асыру графикі
6	7. Дуальды оқытуды жүзеге асыру	Факультет декандары, каф.менг., пән оқытушысы	Күнделікті сабақтар	Күнделікті сабақтар
7	8. Білім алушылардың дуальды оқыту нәтижелерін қорытындылау	Пән оқытушысы	Кафедралардың жазбаша есептері	Кафедра мәжілісінің, факультет Кеңесінің, Академиялық кеңес, Ғылыми кеңес хаттамалары
8				

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 10-беті
Дуальды білім беру туралы ереже		

Б Қосымшасы (міндетті)

Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық келісім шарттың үлгісі

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛІСІМШАРТ

Шымкент қаласы

« ____ » _____ 20 __ ж.

«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ (әрі қарай ОҚПУ) атынан, университет Жарғысының негізінде әрекет етуші, Басқарма төрағасы-Ректор Сугирбаева Гульжан Даулетбековна тұлғасында, бір жағынан, бұдан әрі «мекеме» деп аталатын Шымкент қаласы білім басқармасының « _____ »
(мекеме атауы)

атынан, Ереже (Жарғы) негізінде әрекет етуші директоры _____
(аты-жөні)

тұлғасында, екінші жағынан, бірге аталатын «Тараптар», бұдан әрі университет түлектерінің тәжірибелік даярлық сапасын көтеру жолында ынтымақтастықты дамыту және дуальды оқыту жүйесі элементтерін енгізу мақсатында төменде көрсетілгендер бойынша осы келісімшартты (келесі мәтін бойынша – Шарт) жасады:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тараптардың арасында жалпы білім беретін мекемемен педагогикалық кадрларды бірлесе дайындауда

(ББ шифры, атауы)

білім беру бағдарламасына дуальды оқыту үдерісін бірлесіп ұйымдастыру және іске асыруда төмендегідей міндеттемелер алады.

1.2 Осы шартта Тараптар өздерінің өзара қарым-қатынасында «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 шілдедегі №2 бұйрығын, «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығын, ОҚПУ «Дуальды білім беру туралы ережесін» басшылыққа алады. Теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру мақсатында « _____ »
(пән атауы)

пәнін оқыту жалпы білім беру ұйымында _____

(ББ шифры, атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың практикалық дайындығын (дағдылары) дамыту жүзеге асырылады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1 Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті міндетті:

2.1.1 Оқу процесіне қажетті жағдайлар туғызуға;

2.1.2 Жалпы білім беру ұйымының базасында дуальды оқытуды жүргізу мерзімін, білім алушылардың іс-әрекетінің негізгі бағыттарын, дуальды оқыту бойынша оқытылатын пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (дуальды оқытуға арналған силлабусты) келісуге;

2.1.3 Жалпы білім беру ұйымына оқуға баратын білім алушылардың тізімін, оқу кестесін, бірлесіп дайындалған оқу жұмыс бағдарламасын (дуальды оқытуға арналған силлабусты), қосымша ақпараттарды дуальды оқыту басталғанға дейін бір ай бұрын жолдауға;

2.1.4 ОҚМПУ жалпы білім беру ұйымының талаптарын ескере отырып, дуальды оқыту бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруға;

2.1.5 Білім алушыларды білім беру іс-әрекетінің мақсат, міндеттерімен сәйкес келетін материалдармен және оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етуге;

2.1.6 Білім алушылардың пән бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (дуальды оқытуға арналған силлабусты) жүзеге асыруда мекеме қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсетуге;

2.1.7 Дуальды оқыту бағдарламасын орындау үшін білім алушыларға жеке тапсырмалар беруге және оқу жұмыс бағдарламасымен (дуальды оқытуға арналған силлабуспен) қамтамасыз етуге;

2.2 Мекеме міндетті:

2.2.1 Дуальды оқытуға жіберілетін білім алушыларды келісілген мерзімде қабылдауға;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 11-беті
Дуальды білім беру туралы ереже		

- 2.2.2 Білім алушыларды дуальды оқытуды ұйымдастыру мен өткізуде жалпы білім беру мекемеден бір мұғалімді жауапты етіп тағайындауға;
 2.2.3 Дуальды оқыту элементтері қамтыған пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (дуальды оқытуға арналған силлабусты) әзірлеуге қатысуға;
 2.2.4 Мекеменің еңбек тәртібімен, нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарымен таныстыруға;
 2.2.5 Университеттің білім алушыларын сыныптарға бөлуге;
 2.2.6 Оқу жұмыс бағдарламасында (дуальды оқытуға арналған силлабуста) қарастырылмаған іс-әрекеттерге білім алушыны пайдалануға жол бермеуге;
 2.2.7 Білім алушының еңбек тәртібін және білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
 2.2.8 Білім алушының оқу жұмыс бағдарламасын (дуальды оқытуға арналған силлабусын) толық игеруі және оның жеке тапсырмаларды орындауына қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалануға жағдай жасау;
 2.2.9 Білім алушыларды заңмен қорғалатын құпиялы құжаттардан басқа тәжірибелік материалдар мен ақпараттық мәліметтерге қолжеткізуді қамтамасыз ету;

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1 ОҚПУ құқылы:

- 3.1.1 Білім алушыларды дуальды оқытудың/мекемеде өтудің жүзеге асырылуын бақылауға;
 3.1.2. Мекемеге дуальды оқыту элементтері қолданылатын пән оқытушыларын тәжірибе алмасуға, біліктілігін арттыруға жіберуге.

3.2 Мекеме құқылы:

- 3.2.1. Дуальды оқыту барысында білім алушы еңбек тәртібі ережесін бұзған жағдайда ОҚПУ-ға хабарлауға;
 3.2.2. Білім беру бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ұсыныс беруге;

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

Шарттың тараптары өздерінің мүддесіне тиетін жасырын мәліметтерді, мемлекеттік, коммерциялық немесе қызметтік және басқа да құпияларды қоса, жарияламауына келіседі. Мәліметтерге құпия ақпарат мәртебесін беру үшін тараптардың қайсысы болса да жазбаша түрде ниет білдіреді.

5. ДАУДЫҢ ШЕШІЛУІ

Осы шарттың ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындаған даулар мен келіспеушіліктер жағдайында мүмкіндігінше тараптар екі жақтық келіссөз және кеңесу арқылы шешуге жетелейді.

Дау (келіспеушілік) келіссөз арқылы шешілмейтін болса, осы дау Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шешіледі.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 6.1 Осы шартқа өзара келісім бойынша қосымша шарт жасау арқылы өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Өзгертулер мен толықтырулар осы келісімшарттың ажыратылмайтын бөлшегі болады, тиісті тәртіп бойынша рәсімделінеді және өкілетті тұлғалардың қолдары қойылуы тиіс.
 6.2 Осы шарт тараптардың қолдары қойылған күннен бастап күшіне енеді және ол тараптардың бір жағы екінші жаққа жазбаша түрде келісімшарттың қолдануын тоқтату туралы ескерту жібергенше әрекетте болады. Осы жағдайда келісімшарт әрекеті тараптардың бір жағы тиісті ескерту жіберілген мезгілінен 30 күнтізбелік күн өткеннен кейін тоқтатылды деп есептелінеді.
 6.3 Осы шарттың тең заңдық күші бар тараптардың әр қайсысына біреуден берілетін екі данасы жасалынды.
 6.4 Келісімшарт 5 жыл мерзімге жасалды.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

Білім беру ұйымы: "Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы А.Байтұрсынов көшесі №13 инд.160012 АҚ "ForteBank" БИК- IRTYKZKA БИН -110 740 004 288 КБЕ-16 ИИК- KZ3696516F0008075980 Тел: 87252-21-40-06; Факс: 87252-21-40-03 Ректор _____ Г.Д.Сугирбаева Кафедра меңгерушісі _____	Мекеме: _____ (мекеменің, ұйымның және тағы басқа атауы) _____ (заңды мекен-жайы) _____ (БСН, БСК, КБЕ, банк) _____ (қала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі) Директор _____ _____ (Тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дуальды білім беру туралы ереже	20 беттің 13-беті

Г қосымшасы (міндетті)

Оқу жұмыс бағдарламасының (дуальды оқытуға арналған силлабус) үлгісі



ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

_____ ФАКУЛЬТЕТІ

«КЕЛІСІЛДІ»
Мектеп директоры

«БЕКІТЕМІН»
Факультет деканы

(қолы) _____ (аты-жөні)
« ____ » _____ 20 ____ ж.

(қолы) _____ (аты-жөні)
« ____ » _____ 20 ____ ж.

кафедрасы

пәнінің

(пәннің шифры, атауы)

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (дуальды оқытуға арналған силлабус)

ББ: ББ шифры, атауы		Оқу түрі: күндізгі	
Курс:	Семестр:	Кредиттер саны:	Сағат саны:
Дуальды оқыту		ЖОО	Жалпы білім беру ұйымы
Лекция:		30 сағат	-
Практикалық/семинар сабақтар:		10 сағат	20 сағат
Лабораториялық сабақтар:		-	-
БӨЖ (СОӨЖ/ СӨЖ): 30/90			
Қорытынды бақылау: Емтихан (ауызша)			

Оқытушы туралы мағлұматтар:

Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы

Е-mail: _____, **Zoom** идентификаторы: _____ (пароль _____)

Кафедрасы: Математика

Мекен-жайы: Шымкент қ, А.Байтұрсынов көшесі, 13, каб. 218

Тел.: _____

Кенес беру уақыты: апта күні *сәрсенбі*: сағаты 17-00, **Zoom платформасында**

Дуальды оқыту орны туралы мағлұматтар:

Жалпы білім беру ұйымының атауы: _____

Жауапты тұлғаның аты-жөні, қызметі: _____

Мекен-жайы: _____

Е-mail: _____

Тел.: _____

Шымкент 20__

Ф.7.20-03

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дуальды білім беру туралы ереже	20 беттің 14-беті

Г қосымшасының жалғасы

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (дуальды оқытуға арналған силлабус) №__ хаттама «__» ____ 20__ ж. университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген ____ білім беру бағдарламасы негізінде дайындалған.

Құрастырғандар: оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (дуальды оқытуға арналған силлабус) _____ кафедрасының мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды.
№__ хаттама, «__» ____ 20__ ж.

Кафедра меңгерушісі _____

Факультеттің оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты _____

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (дуальды оқытуға арналған силлабус) _____
(білім беру ұйымының атауы)

педагогикалық кеңесі мәжілісінде талқыланып, келісуге ұсынылды.
№__ хаттама, «__» ____ 20__ ж.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары _____

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 15-беті
Дуальды білім беру туралы ереже		

Г қосымшасының жалғасы

1. Кіріспе

Пәннің мақсаты	<i>Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады</i>
Пәннің міндеттері:	<i>ББ пәннің сипаттамасына сәйкес жазылады</i>
Күтілетін оқу нәтижелері	<i>Блум таксономиясы бойынша ББ күтілетін нәтижеге сәйкес жазылады</i>
Оқыту әдістері мен технологиялары	<i>1. Оқудағы рефлексиялық тәсілге негізделген студент-орталықтандырылған оқыту;</i> <i>2. Интерактивті әдіс (проблемалық сабақ, пікірталастық, «Сұрақ-жауап-талқылау» дәрісі, бейне-сабақ);</i> <i>3. Реферат жазу (өз тәжірибесін дамыту, құзыреттілігін қалыптастыру);</i> <i>Ауызша бақылау және өзін-өзі бақылау.</i>
Пәннің пререквизиттері:	
Пәннің постреквизиттері:	

Қысқартулар

ББ - білім беру бағдарламасы

БӨЖ - білім алушылардың өзіндік жұмыстары

АБ - ағымдық баға

ҚБ - қорытынды бағалау

2. Оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны

Апта №	Сабақ түрі	Сабақ тақырыптары	Сағат саны / Орындалатын орны		Әдебиеттер
			ЖОО	Жалпы білім беру ұйымы	
1	Лек				
	Прак				
2	Лек				
	Прак				

3. Пәннің оқу әдебиеттермен қамтамасыз етілуі

№	Пән бойынша оқу және ғылыми әдебиеттердің атауы
1. Негізгі әдебиеттер	
1	
2	
2. Қосымша әдебиеттер	
3	
4	
4. Цифрлық білім беру ресурстары	
5	
6	

	«Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 16-беті
Дуальды білім беру туралы ереже		

Г қосымшасының жалғасы

4. Тапсырмалар (БӨЖ) және оларды тапсыру мерзімі мен тиісті балы (Бақылаудың барлық түрі 100 балдық шкалада бағаланады)

Рейтинг	Сабақ түрі	Тапсырма	Тапсыру мерзімі (апта, күні)
P1	Ағымдық бақылау 1 (АБ1)		
	Лек		
	Сем (пр)		
	БӨЖ		
	Межелік бақылау 1 (МБ1)		7 апта
P2	Ағымдық бақылау 2 (АБ2)		
	Лек		
	Сем (пр)		
	БӨЖ		
	Межелік бақылау 2 (МБ2)		15 апта
ҚБ	Қорытынды бақылау (Емтихан)		Кесте бойынша

5. Білім алушының білімін бағалау саясаты

Білім алушылардың үлгерімін бағалау ағымдық пен межелік бақылаулардың және аралық аттестаттаудың балдарынан тұрады. Бақылаудың барлық түрі 100 балдық шкалада бағаланады.

Ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лабораториялық, семинар, студиялық, БӨЖ (СОӨЖ/СӨЖ, МОӨЖ/МӨЖ, ДООЖ/ДӨЖ) және т.б. сабақтарында 100 балдық шкалада бағалап электрондық журналға қояды. Ағымдық бақылаудың қорытынды балы сабақтардың түрлері бойынша балдардың үлес салмағы ескеріліп есептеледі. Сабақтардың түрлері бойынша балдарының үлес салмағы келесі кестеге сәйкес болады.

Сабақтың түрлері	Үлес салмағы							
Лекция (L)	K ₁	0,2	0,2	0,2	0	0,7	0	0
Практикалық (Семинар) сабақ (P)	K ₂	0,5	0,2	0	0,7	0	0	0
Лабораториялық (Зертханалық) сабақ (Z)	K ₃	0	0,3	0,5	0	0	0	0,7
Студиялық сабақ (S)	K ₄	0	0	0	0	0	0,7	0
БӨЖ (B)	K ₅	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
Жалпы	1	1	1	1	1	1	1	

Бағалауды компьютер төменде көрсетілген формулаларға сәйкес автоматты түрде жүргізеді.

$$AB1(AB2) = K_1 \cdot L_{op} + K_2 \cdot P_{op} + K_3 \cdot Z_{op} + K_4 \cdot S_{op} + K_5 \cdot B_{op}$$

L_{op} -лекция бойынша, P_{op} -практика бойынша, Z_{op} -зертханалық сабақ бойынша, S_{op} - студиялық сабақ бойынша, B_{op} - БӨЖ бойынша орташа балдар.

7-ші және 15-ші апталардағы қорытынды рейтинг балы келесі түрде есептеледі:

$$P1(P2) = 0,5 \cdot AB1(AB2) + 0,5 \cdot MB1(MB2)$$

P1 - бірінші рейтинг, P2 - екінші рейтинг.

Емтиханға жіберу рейтингісі есептеу:

$$PЖ = \frac{P1 + P2}{2}$$

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	20 беттің 17-беті
Дуальды білім беру туралы ереже		

Г қосымшасының жалғасы

Емтиханға жіберу рейтингісі $RЖ \geq 50$ болу керек.

Ағымдық және межелік бақылаулар білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды емтиханнан жинайды.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

$$\text{Қорытынды бағалау (ҚБ)} = 0,6 * RЖ + 0,4 * E$$

Назар аударыңыздар: Қорытынды бақылаудың оң бағасын емтихан сессиясының осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

"FX" "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған білім алушы оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей, университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды бір рет тапсыруға рұқсат беріледі.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне қайта жазылады, дәрістердің барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкілі және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

6. Білім алушыға қойылатын талаптар

1. Барлық сабақ түрлеріне қатысу міндетті.
2. Сабаққа кешікпеу.
3. Белгілі себептермен сабаққа қатыспаған жағдайда тапсырмаларды оқытушы белгілеген қосымша уақытта қайта орындау.
4. Сабақ кезінде сөйлеспеу, мобильді телефонды өшіру.
5. БӨЖ тапсырмаларын кестеге сәйкес уақытылы орындау қажет, кешіктірілген жағдайда тапсырмаға белгіленген максимальды балл оқытушы белгілеген мөлшер бойынша төмендетіледі.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Дуальды білім беру туралы ереже	20 беттің 18-беті

Г қосымшасының жалғасы

6. Барлық тапсырма түрлерін орындау және тапсыру барысында, сонымен бірге аралық бақылау мен емтихан тапсырған кезде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау қажет.

7. Егерде білімалушылар академиялық адалдық қағидаттарын өрескел бұзған жағдайда оқудан шығару мәселесі қаралады.

8. Университет ішінде, сабақ кезінде, білім алушылар мен оқытушылар ара қатынасында этикалық кодекс ережелерін сақтау.

